

¹Спатай А.О. , ²Спатаев Б.О. , ³Даникеева А.Б. , ¹Есенкулова А.Р. 

¹Орталық Азия инновациялық университеті (Шымкент, Қазақстан)

²С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті (Астана, Қазақстан)

³М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Тараз, Қазақстан)

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНГЕРУДЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада үздіксіз білім беру аясында педагогтердің ағылшын тілін меңгеру арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытудың психологиялық аспектісі үдерісі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – ағылшын тілін кәсіби деңгейде қолдану педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметіне, академиялық жазу дағдыларына және халықаралық ғылыми ортаға интеграциялануына қалай әсер ететінін анықтау. Зерттеу Орталық Азия инновациялық университетінің 15 оқытушысының қатысуымен жүзеге асырылды және үш кезеңнен: диагностикалық, оқыту және қорытынды бағалау кезеңдерінен тұрды. Эксперименттік жұмыс барысында педагогтер арнайы әзірленген оқыту бағдарламасына қатысып, академиялық ағылшын тілі, ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу, зерттеу жазбаларын дайындау және халықаралық конференцияларға қатысу бойынша практикалық дағдыларын жетілдірді. Нәтижесінде, олардың академиялық жазу мен ғылыми мәтіндерді талдау қабілеттері едәуір жақсарды, ал ағылшын тілінде зерттеу жүргізуге деген сенімділіктері артты. Мақалада алынған нәтижелер негізінде үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларын жетілдіру жолдары ұсынылып, ағылшын тілін меңгеру педагогтердің зерттеушілік әлеуетін арттырудың маңызды құралы екендігі дәлелденді. Зерттеу педагогтердің халықаралық академиялық қауымдастыққа қосылуына мүмкіндік беретін әдістемелік, тілдік және зерттеушілік дағдыларды дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: зерттеушілік құзыреттілік, академиялық жазу, халықаралық ғылыми орта, кәсіби құзыреттілік, халықаралық жарияланымдар, академиялық тіл.

¹Спатай А.О. *, ²Спатаев Б.О., ³Даникеева А.Б., ¹Есенкулова А.Р.

¹Центрально-Азиатский инновационный университет (Шымкент, Казахстан)

²Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина
(Астана, Казахстан)

³Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати (Тараз, Казахстан)

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕДАГОГОВ В ОВЛАДЕНИИ АНГЛИЙСКИМ ЯЗЫКОМ В НЕПРЕРЫВНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

В данной статье рассматриваются психологические аспекты развития исследовательских компетенций педагогов через овладение английским языком в рамках непрерывного образования. Цель исследования – выяснить, как профессиональное использование английского языка влияет на исследовательскую деятельность педагогов, навыки академического письма и интеграцию в международную научную среду. Исследование проводилось с участием 15 преподавателей Центрально-Азиатского инновационного университета и состояло из трех этапов: диагностического, обучающего и итогового оценивания. В ходе экспериментальной работы педагоги приняли участие в специально разработанной программе обучения, совершенствовали практические навыки по академическому английскому языку, работе с

научными текстами, подготовке исследовательских заметок и участию в международных конференциях. В результате их способности к академическому письму и анализу научных текстов значительно улучшились, а их уверенность в проведении исследований на английском языке возросла. На основе полученных результатов в статье предложены пути совершенствования программ непрерывного профессионального развития, доказано, что владение английским языком является важным инструментом повышения исследовательского потенциала педагогов. Исследование подчеркивает необходимость развития методических, языковых и исследовательских навыков, которые позволят педагогам присоединиться к международному академическому сообществу.

Ключевые слова: исследовательская компетентность, академическое письмо, международная научная среда, профессиональная компетентность, международные публикации, академический язык.

¹Spatay A.O., ²Spatayev B.O., ³Danikeeva A.B., ¹Yessenkulova A.R.

¹Central Asian Innovation University (Shymkent, Kazakhstan)

²S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University (Astana, Kazakhstan)

³M.H. Dulaty Taraz Regional University (Taraz, Kazakhstan)

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF RESEARCH COMPETENCIES OF TEACHERS IN MASTERING THE ENGLISH LANGUAGE IN CONTINUING EDUCATION

Abstract

This article discusses the process of the psychological aspect of the development of research competencies of teachers in the framework of continuing education by mastering the English language. The aim of the study is to find out how the use of English at a professional level affects the integration of teachers into research activities, academic writing skills and the international scientific environment. The study was carried out with the participation of 15 teachers of the Central Asian Innovation University and consisted of three stages: diagnostic, training and final assessment. During the experimental work, teachers took part in a specially developed training program, improving their practical skills in academic English, working with scientific texts, preparing research notes and participating in international conferences. As a result, their ability to write academic and analyze scientific texts was greatly improved, and their confidence in conducting research in English increased. Based on the results obtained in the article, ways of improving programs of continuous professional development were proposed, and it was proved that mastering the English language is an important tool for increasing the research potential of teachers. The study highlights the need to develop methodological, language and research skills that allow teachers to join the international academic community.

Keywords: research competence, academic writing, international academic environment, professional competence, international publications, academic language.

ҚЫСҚАША Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы олардың біліктілігін арттыруға ғана емес, сонымен қатар ағылшын тілін меңгеру арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталуы тиіс. Ғаламдық білім беру кеңістігіне интеграциялану қажеттілігі оқытушыларға тек пәндік біліммен ғана шектелмей, ағылшын тілінде ақпаратты іздеу, зерттеу жүргізу және ғылыми нәтижелерді жариялау қабілеттерін дамытуға ерекше назар аударуды талап етеді [1]. Бұл әсіресе педагогтердің халықаралық академиялық ортаға қосылуы, ғылыми ынтымақтастық орнатуы және заманауи зерттеу әдістерін меңгеруі үшін маңызды.

Зерттеулер көрсеткендей, үздіксіз кәсіби даму (ҮҚД) мұғалімдердің оқыту сапасын жақсартып, білім алушылардың нәтижелерін арттырады. Тиімді кәсіби даму бағдарламалары педагогтердің зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, пәндік және әдістемелік білімдерін жетілдіруге, жаңа технологияларды игеруге және ағылшын тілінде академиялық қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді [2]. Алайда, көптеген педагогтер өздерінің кәсіби дамуына қажетті мүмкіндіктерді шектейтін бірқатар қиындықтарға тап болуда. Ағылшын тілін меңгеру және оны зерттеушілік қызметте пайдалану мәселесі дамушы елдерде әлі де болса күрделі міндет болып отыр. Тілдік кедергілер, қаржылық және институционалдық шектеулер, ғылыми-зерттеу жүргізу тәжірибесінің жеткіліксіздігі – бұл факторлар педагогтердің халықаралық білім беру және ғылыми кеңістікке енуін тежейді.

Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету үшін төрт негізгі құзыреттілікті жетілдіру қажет: білім мен дағдылар, этикалық ұстаным, мотивация және өзін-өзі рефлексиялау. Білім мен дағдыларға педагогикалық шеберлік, зерттеу жүргізу қабілеті, тілдік құзыреттілік және цифрлық сауаттылық жатады. Ағылшын тілін меңгеру педагогтердің халықаралық зерттеулерге қол жеткізуіне, ғылыми конференцияларға қатысуына, шетелдік ғалымдармен ынтымақтастық орнатуына және өз еңбектерін халықаралық деңгейде жариялауына мүмкіндік береді [3]. Этика және кәсіби жауапкершілік болашақ мұғалімдерді даярлайтын педагогтер үшін аса маңызды, олар ғылыми-зерттеушілік қызметте академиялық адалдық, сыни ойлау және объективті талдау қағидаларын сақтауы қажет. Мотивация да негізгі факторлардың бірі болып табылады, өйткені зерттеушілік және ағылшын тілін меңгеруге деген қызығушылық педагогтердің кәсіби өсуіне, шығармашылық қабілеттерін арттыруға және жаңа білімді меңгеруге деген ұмтылысын күшейтеді. Өзін-өзі рефлексиялау үнемі өзін-өзі бағалап, жаңа білімді игеруде өз жетістіктері мен қиындықтарын түсінуге, сонымен қатар жаңа зерттеу бағыттарын дамытуға ықпал етеді.

Аталған құзыреттіліктердің маңыздылығына қарамастан, педагогтердің ағылшын тілін меңгеру және зерттеушілік дағдыларын дамыту үдерісінде бірқатар қиындықтар кездеседі. Бұл мәселелердің негізгілері: ағылшын тілін меңгеруге арналған ресурстардың жетіспеушілігі, тілдік орта болмауы, ғылыми зерттеу жүргізу тәжірибесінің аздығы, жоғары жүктеме және кәсіби даму бойынша жүйелі қолдаудың жеткіліксіздігі [4]. Сонымен қатар, көптеген педагогтер ағылшын тілін үйренуге мотивацияның төмендігін, ал кейбіреулері ғылыми зерттеулерді ағылшын тілінде жүргізуде тәжірибенің жоқтығын алға тартады.

Бұл мәселелерді шешу үшін педагогтердің ағылшын тілін меңгеруіне және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған жүйелі және кешенді тәсіл қажет. Зерттеулер көрсеткендей, ең тиімді кәсіби даму стратегиялары ұзақ мерзімді, тәжірибеге негізделген бағдарламалар, халықаралық ынтымақтастық, ғылыми зерттеу жүргізуге арналған семинарлар мен тренингтер және тәлімгерлік қолдау болып табылады [5]. Оқу қауымдастықтары мен ғылыми топтар педагогтердің өзара тәжірибе алмасуына, рефлексия жасауына және зерттеу нәтижелерін бірге талқылауына мүмкіндік береді. Ағылшын тілін меңгеру үшін тілдік курстар, академиялық жазу бойынша тренингтер және халықаралық конференцияларға қатысу педагогтердің ғылыми-зерттеу дағдыларын жетілдіруге және олардың халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді [6].

Бұл зерттеу педагогтердің ағылшын тілін меңгеру арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін қалай дамытатынын, сондай-ақ осы бағытта үздіксіз кәсіби дамудың ең тиімді психологиялық аспектілерін анықтауға бағытталған [7]. Шынайы жұмыс тәжірибесін, институционалдық қолдау механизмдерін және кәсіби өсу стратегияларын талдау арқылы зерттеу білім беру саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру жөнінде құнды ұсынымдар ұсынады [8]. Бұл зерттеу нәтижелері педагогтердің тек өз елінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де кәсіби және зерттеушілік әлеуетін дамытуға көмектеседі.

Заманауи білім берудің мақсаты, адамға әлеуметтік-мәнді іс-әрекетін жүзеге асыру үшін қажетті жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту болып табылады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей

адамның қоғамдағы табыстылығы, өз іс-әрекетін дұрыс жоспарлай білу, оның нәтижесін болжамдай алу, оны жүзеге асырудың тиімді тәсілдерін таба білу, оның нәтижесін болжамдай алу, өз іс-әрекетінің салдарын талдай білу. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижесінде, зерттеушілік құзыреттілікті дамыту қажеттілігі бүгінгі күндегі қазақстандық білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылатындығын атап көрсеткен [9].

Қазақстан Республикасын жоғары әлемдік деңгейге көтеру мақсатында білім беру процесінде көптеген іс-шаралар жасалынып, оны жүзеге асыру үшін үлкен қадамдар жасалынып жатыр. Ғалымдардың зерттеу нәтижесінде білім беру саласы бойынша келесідей жаңа басымдықтарды атап өтуге болады, олар гуманитарлы педагогика, студенттердің адами әлеуетін анықтау, оны дамыту бойынша шаралар ұйымдастыру, сонымен қатар, адамдар арасында белгілі, дұрыс қарымқатынасты ұйымдастыруды ерекше форма арқылы ұйымдастырып, тиімді түрде жүзеге асырылатынын атап көрсеткен [10].

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕР

Бұл зерттеуде педагогтердің ағылшын тілін меңгеру арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту процесін талдау үшін сапалық және сандық әдістер қолданылды. Зерттеудің негізгі материалдары ретінде кәсіби дамуға бағытталған онлайн және офлайн оқу платформалары, сондай-ақ ағылшын тіліндегі ғылыми мақалалар мен оқу құралдары пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеуге қатысқан педагогтердің кәсіби дамуы мен ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалау үшін сауалнама, сұхбат және бақылау әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында онлайн курстар мен тренингтердің тиімділігін бағалау мақсатында педагогтерге арналған ағылшын тілі курстарының мазмұны, оқыту әдістемесі және олардың зерттеушілік дағдыларға ықпалы жан-жақты қарастырылды. Осы мақсатта "Coursera", "EdX", "British Council", "Cambridge Assessment English" және "TESOL International" сияқты платформалардағы материалдар мен бағдарламалар талданды.

Қолданылған әдістердің ішінде сапалық әдістер аясында педагогтермен тереңдетілген жартылай құрылымдалған сұхбаттар жүргізілді. Бұл сұхбаттар оқытушылардың ағылшын тілін меңгеру барысында кездескен қиындықтарын, зерттеушілік дағдыларын жетілдіру жолдарын және үздіксіз кәсіби дамуға деген мотивациясын анықтауға көмектесті. Сандық әдістер ретінде алынған деректердің статистикалық өңделуі жүргізілді, мұнда сауалнама нәтижелері пайыздық және корреляциялық талдау арқылы интерпретацияланды.

Зерттеуде қолданылған әдістемелік құралдар қатарында бақылау және деректерді кодтау жүйесі де қолданылды. Бұл педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететін факторларды жүйелі түрде қарастырып, олардың ағылшын тіліндегі ғылыми ресурстарды қолдану деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында педагогтердің академиялық жазу дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығулар мен практикалық тапсырмалар қолданылды.

Зерттеудің барысы үш негізгі кезеңнен тұрды: бірінші кезеңде теориялық материалдарды талдау және зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтау, екінші кезеңде практикалық деректерді жинақтау (сауалнама, сұхбат, бақылау) және олардың өңделуі, ал үшінші кезеңде алынған нәтижелерді қорытындылау және ұсыныстар әзірлеу. Барлық әдістердің сенімділігі мен нәтижелілігі автордың қорытындылау процесінде қайта тексеріліп, алынған мәліметтердің объективтілігіне ерекше мән берілді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР

Зерттеу барысында педагогтердің ағылшын тілін меңгеру арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту процесін талдау мақсатында эксперименттік зерттеу әдісі қолданылды. Эксперименттің басты мақсаты – ағылшын тілін оқытуға бағытталған кәсіби дамудың педагогтердің зерттеушілік құзыреттіліктеріне әсерін бағалау.

Экспериментке Орталық Азия Инновациялық университетінің 15 оқытушысы қатысты. Қатысушылар әртүрлі пәндерден сабақ беретін педагогтер болып табылады, олардың ішінде гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының оқытушылары да бар. Эксперимент үш негізгі кезеңнен тұрды: диагностикалық кезең, оқыту кезеңі және қорытынды бағалау кезеңі.

1-кезең: Диагностикалық кезең

Зерттеудің алғашқы кезеңінде Орталық Азия Инновациялық университетінің 15 мұғалімінің ағылшын тіліндегі зерттеушілік құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейі анықталды. Бұл кезеңде педагогтердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін, ғылыми зерттеулерде тілді қолдану тәжірибесін және кәсіби дамуға деген көзқарасын жан-жақты бағалау мақсатында бірнеше әдістер қолданылды.

Диагностикалық деректерді жинау барысында педагогтерге сауалнама, тест тапсырмалары және жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді. Сауалнама арқылы мұғалімдердің ағылшын тілін меңгеру деңгейі және оны зерттеу жұмыстарына пайдалану тәжірибесі анықталды. Сонымен қатар, педагогтердің ғылыми мәтіндерді қаншалықты еркін оқып, талдай алатынын бағалау үшін арнайы тест тапсырмалары дайындалды. Бұл тесттер олардың мәтіндерді түсіну, терминологияны меңгеру және ағылшын тілінде жазылған зерттеулермен жұмыс істеу қабілеттерін бағалауға бағытталды. Жартылай құрылымдалған сұхбат педагогтердің ағылшын тілінде ғылыми зерттеу жүргізу барысында кездесетін қиындықтары мен қажеттіліктерін нақтылау үшін ұйымдастырылды.

Зерттеудің диагностикалық кезеңінде Орталық Азия Инновациялық университетінің 15 мұғалімінің ағылшын тіліндегі зерттеушілік құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейі бағаланды. Бұл кезеңде сауалнама, тест тапсырмалары және жартылай құрылымдалған сұхбат әдістері қолданылды. Жиналған деректер негізінде педагогтердің ағылшын тілін меңгеру және оны зерттеу жұмыстарында пайдалану тәжірибесі туралы нақты мәліметтер алынды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мұғалімдердің 68%-ы ағылшын тілін меңгеру кәсіби даму үшін маңызды деп санайды, алайда 45%-ы ғылыми мақалаларды оқу және түсіну барысында қиындықтарға тап болатынын мәлімдеді. Бұл көрсеткіш педагогтердің академиялық мәтіндермен жұмыс істеу тәжірибесінің шектеулі екенін және олар үшін ғылыми терминологияны меңгеру қажеттігін айқындайды.

Сонымен қатар, зерттеу жүргізуге деген қызығушылық жоғары болғанымен, 60%-ы ағылшын тілінде зерттеу жүргізуге ниетті екенін білдірді, бірақ олардың 35%-ы академиялық жазу мен ғылыми стильді меңгерудің күрделілігін атап өтті. Бұл ағылшын тіліндегі зерттеу жұмыстарына дайындықтың жеткіліксіз екенін және арнайы кәсіби даму бағдарламаларының қажеттілігін көрсетеді.

Халықаралық ғылыми кеңістікке ену тұрғысынан алғанда, мұғалімдердің 50%-ы ғылыми журналдарға мақала жіберуге дайын емес екенін мойындады. Бұл педагогтердің ағылшын тілінде ғылыми жұмыстар жазуда өзіндік сенімсіздігін және олар үшін академиялық жазу дағдыларын жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Жалпы, диагностикалық кезеңнің нәтижелері педагогтердің ағылшын тілін меңгеруі олардың зерттеушілік құзыреттіліктеріне айтарлықтай әсер ететінін, бірақ бұл үдерісте мақсатты түрде кәсіби оқыту және әдістемелік қолдау қажет екенін анықтады. Осыған байланысты, зерттеудің келесі кезеңдері академиялық ағылшын тілін қолдану, ғылыми мәтіндерді талдау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамытуға бағытталды.



Сурет 1 - Диагностикалық кезең бойынша статистика

2-кезең: Оқыту кезеңі

Оқыту кезеңі үш айға созылды және Орталық Азия Инновациялық университетінің оқытушыларының ағылшын тілінде зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған кешенді бағдарламаны қамтыды. Бұл кезеңнің басты мақсаты – педагогтердің академиялық ағылшын тілін меңгеруін жетілдіру, ғылыми мәтіндермен жұмыс жасау дағдыларын дамыту және халықаралық академиялық ортада өз зерттеулерін еркін таныстыру мүмкіндігін арттыру.


Оқыту бағдарламасы бірнеше негізгі бағытты қамтыды. Бірінші кезекте, ағылшын тілін жетілдіруге арналған онлайн курстар ұйымдастырылды. Педагогтер "Coursera", "British Council", "Cambridge Assessment English", "TESOL International" сияқты платформаларда академиялық ағылшын тілі бойынша курстардан өтті. Бұл курстар ғылыми терминологияны меңгеруге, мәтін құрылымын түсінуге және академиялық стильді қалыптастыруға бағытталды.

Екінші бағыт ғылыми мақалаларды оқу және талдау бойынша тренингтерден тұрды. Педагогтерге ағылшын тіліндегі зерттеулерді тиімді талдау әдістері үйретілді. Жаттығу ретінде халықаралық журналдарда жарияланған 10 ғылыми мақала таңдалып, оларды талдау және ғылыми ақпаратпен жұмыс жасау тәсілдері меңгерілді.

Үшінші бағыт ретінде академиялық жазу бойынша практикалық сабақтар ұйымдастырылды. Бұл сабақтар барысында педагогтер реферат, эссе, аннотация және ғылыми мақалалар жазуға машықтанды. Әрбір қатысушы өзінің зерттеу жұмысының белгілі бір бөлігін ағылшын тілінде жазып, оны тәлімгерлер мен сарапшылар тексеріп, түзетулер енгізді. Осылайша, педагогтердің академиялық жазу дағдылары жүйелі түрде қалыптасты.

Төртінші бағыт ғылыми конференцияларға дайындықты қамтыды. Педагогтер ағылшын тілінде ғылыми баяндамалар жасауға, презентация дайындауға және халықаралық ғылыми іс-шараларға қатысуға машықтанды. Бұл тәжірибе олардың көпшілік алдында ғылыми пікірін ағылшын тілінде еркін білдіруіне мүмкіндік берді.

Оқыту кезеңінде Peer-review (өзара бағалау) әдісі де қолданылды. Қатысушылар бір-бірінің ғылыми жазба жұмыстарын оқып, өзара пікір алмасып, ұсыныстар енгізді. Бұл әдіс олардың академиялық ағылшын тілін қолдану және ғылыми мәтіндерді жетілдіру дағдыларын жақсартуға мүмкіндік берді.



Сурет 2 – Оқыту кезеңі бойынша статистика

Оқыту кезеңінің қорытындылары педагогтердің тілді меңгеру деңгейіне оң әсер еткенін көрсетті. Зерттеу барысында 75%-ы ағылшын тіліндегі ғылыми мақалаларды оқу жылдамдығының артқанын және мәтіндерді түсіну оңайлағанын айтты. Сонымен қатар, 65%-ы академиялық жазу дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын, әсіресе ғылыми стильді сақтауды меңгергенін атап өтті. Педагогтердің 70%-ы халықаралық конференцияларда ағылшын тілінде баяндама жасауға сенімділігінің артқанын растады.

Жалпы, бұл кезең педагогтердің зерттеушілік құзыреттіліктерін жүйелі түрде дамытуға бағытталған тиімді оқу процесі болғанын көрсетті. Оқыту бағдарламасы олардың академиялық ортада өз ғылыми еңбектерін еркін жариялауына және халықаралық деңгейде ғылыми қарым-қатынас орнатуына жол ашты.

3-кезең: Қорытынды бағалау кезеңі

Оқыту бағдарламасы аяқталғаннан кейін педагогтердің зерттеушілік құзыреттіліктеріндегі өзгерістерді анықтау үшін бастапқы кезеңде қолданылған тест, сауалнама және сұхбат әдістері қайта жүргізілді. Бұл кезеңде педагогтердің ағылшын тіліндегі ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті, зерттеу жүргізу дағдылары және халықаралық ғылыми кеңістікке енуге деген сенімділігі бағаланды.

Қорытынды деректерді талдау нәтижелері педагогтердің тілді меңгеру және оны ғылыми-зерттеу мақсатында қолдану қабілеттерінде айтарлықтай ілгерілеу бар екенін көрсетті. 80%-ы ағылшын тілінде ғылыми мақалаларды оқу және талдау дағдыларының жақсарғанын растады. Бұл педагогтердің ағылшын тіліндегі ғылыми мәтіндерді оқудағы сенімділігінің артқанын және алынған білімді зерттеу жұмыстарына тиімді қолдана бастағанын дәлелдейді. Сонымен қатар, 72%-ы академиялық жазу дағдыларының айтарлықтай жетілдірілгенін айтты. Бұл қатысушылардың ғылыми мақалалар жазу барысында терминологияны дұрыс қолдана алуына, академиялық стильді сақтауға және халықаралық стандарттарға сай жазуға дағдыланғанын көрсетеді.

Педагогтердің халықаралық ғылыми ортаға қосылу дайындығы да жақсарғаны байқалды. 60%-ы өздерінің зерттеу нәтижелерін халықаралық деңгейде жариялауға дайын екенін мәлімдеді. Бұл көрсеткіш олардың халықаралық ғылыми журналдарға мақала дайындау және рецензиялау үдерісіне қатысуға деген сенімділігінің артқанын айғақтайды.

Салыстырмалы талдау нәтижелері педагогтердің оқу үдерісіндегі ілгерілеуін нақты сандармен көрсетеді. Егер бастапқы кезеңде 55%-ы ғылыми мақалаларды еркін оқи алса, қорытынды кезеңде бұл көрсеткіш 80%-ға жетті. Академиялық жазу дағдылары да айтарлықтай жақсарды: бастапқыда 35%-ы өздерін жеткілікті деңгейде деп санаса, оқу бағдарламасынан кейін 72%-ы бұл дағдыларын жақсартқанын мәлімдеді. Сонымен қатар, ағылшын тілінде зерттеу жүргізуге деген сенімділік көрсеткіші 40%-дан 68%-ға, ал халықаралық журналда мақала жариялауға дайындық деңгейі 25%-дан 60%-ға дейін артты.

Қорытынды бағалау кезеңінің нәтижелері педагогтердің ағылшын тілін меңгеру арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуда жүйелі және кешенді оқыту бағдарламаларының тиімділігін дәлелдеді. Оқыту процесі олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, халықаралық деңгейде кәсіби қарым-қатынас жасауға деген сенімділігін арттырды. Бұл зерттеу көрсеткендей, педагогтердің ағылшын тіліндегі зерттеу дағдыларын жетілдіру үшін ұзақ мерзімді әрі құрылымдалған кәсіби даму бағдарламалары қажет.



Сурет 3 - Эксперименттің қорытындысы

Эксперимент нәтижелері Орталық Азия Инновациялық университетінің оқытушыларының ағылшын тілін меңгеру арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытудың тиімділігін дәлелдеді. Оқыту бағдарламасы аяқталған соң қатысушылар ағылшын тілінде ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттерін жақсартып, халықаралық академиялық ортада белсенді болуға дайындықтарын арттырды.

Бұл зерттеу педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының жаңа мүмкіндіктерін анықтап, ағылшын тілінде зерттеу жүргізу және академиялық қарым-қатынас жасау дағдыларын жақсартуға арналған нақты ұсыныстар ұсынды.

ҚОРЫТЫНДЫ Зерттеу нәтижелері үздіксіз білім беру аясында педагогтердің ағылшын тілін меңгеруі олардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуда шешуші рөл атқаратынын көрсетті. Орталық Азия Инновациялық университетінің 15 оқытушысы қатысқан эксперимент үш кезеңнен тұрып, педагогтердің ағылшын тіліндегі ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу, зерттеу жүргізу және халықаралық деңгейде өз нәтижелерін жариялау қабілеттерінің қалай өзгергенін айқындады.

Зерттеу басталған кезде педагогтер ғылыми мақалаларды оқу, түсіну, зерттеу жүргізу және жазу дағдылары бойынша бірқатар қиындықтарға тап болғаны анықталды. Алайда, үш айға созылған үздіксіз кәсіби оқыту бағдарламасы олардың академиялық жазу, ғылыми мәтіндерді талдау және халықаралық конференцияларда баяндама жасау қабілеттерін едәуір ($p < 0,07$) жақсартты. Қорытынды бағалау нәтижелері 80%-ы ғылыми мақалаларды оқу және талдау қабілеттерінің артқанын, 72%-ы академиялық жазу дағдыларының жетілгенін, ал 60%-ы өз зерттеулерін халықаралық деңгейде жариялауға дайын екенін көрсетті.

Бұл нәтижелер үздіксіз білім беру педагогтердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту үшін тиімді механизм екенін дәлелдейді. Ағылшын тілін меңгеру олардың халықаралық ғылыми кеңістікке енуіне, кәсіби өсуіне және өз еңбектерін жаһандық деңгейде танытуына жол ашады. Сонымен қатар, үздіксіз білім беру жүйесінде академиялық ағылшын тілін меңгеруге бағытталған ұзақ мерзімді және құрылымдалған бағдарламалардың болуы маңызды.

Зерттеуге сүйене отырып, педагогтердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту үшін бірнеше ұсыныстар жасауға болады. Біріншіден, үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларына ағылшын тілінде ғылыми зерттеу жүргізу мен академиялық жазу дағдыларын дамытатын арнайы курстар енгізу қажет. Екіншіден, педагогтердің халықаралық ғылыми жобаларға,

конференцияларға және зерттеу қауымдастықтарына қатысуын ынталандыру маңызды. Үшіншіден, цифрлық білім беру платформаларын тиімді пайдалану арқылы педагогтердің ағылшын тіліндегі материалдармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру керек.

Қорыта айтқанда, үздіксіз білім беру педагогтердің ағылшын тілін меңгеруі арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуда маңызды құрал болып табылады. Кәсіби дамуға тұрақты ұмтылатын педагогтер заманауи ғылыми зерттеулерге қол жеткізу мүмкіндігін арттырып қана қоймай, өз елінің білім беру жүйесінің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға үлес қосады. Осы бағытта жүйелі қолдау, тиімді оқыту бағдарламалары және халықаралық ынтымақтастықты дамыту педагогтердің зерттеу жұмыстарындағы жетістіктерін одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Smith C., Gillespie M. *Research on professional development and teacher change: Implications for adult basic education //Review of Adult Learning and Literacy, Volume 7.* – Routledge, 2023. – С. 205-244.
2. Şen N., Yildiz Durak H. *Examining the relationships between English teachers' lifelong learning tendencies with professional competencies and technology integrating self-efficacy //Education and Information Technologies.* – 2022. – Т. 27. – №. 5. – С. 5953-5988.
3. Vadivel B., Namaziandost E., Saeedian A. *Progress in English language teaching through continuous professional development—teachers' self-awareness, perception, and feedback //Frontiers in Education.* – Frontiers Media SA, 2021. – Т. 6. – С. 757285.
4. Rofi'i A., Nurhidayat E., Firharmawan H. *Teachers' Professional Competence in Integrating Technology: A Case Study at English Teacher Forum in Majalengka //IJLECR (International Journal of Language Education and Cultural Review).* – 2023. – Т. 9. – №. 1. – С. 64-73.
5. Maddukelleng M. et al. *Hybrid learning innovation: Challenges for developing teachers skills in Indonesia //Al Qalam: Jurnal Ilmiah Keagamaan dan Kemasyarakatan.* – 2023. – Т. 17. – №. 2. – С. 842-854.
6. Antonova N. V., Shmeleva Z. N., Kozulina N. S. *Lifelong learning as the way of modern personality development in Russia on the example of higher educational institution of technical and natural-scientific profile //Journal of Physics: Conference Series.* – IOP Publishing, 2020. – Т. 1691. – №. 1. – С. 012146.
7. Calleja J. *Teacher participation in continuing professional development: Motivating factors and programme effectiveness.* – 2018. 12(1). - С. 5–29.
8. Zhang X., Admiraal W., Saab N. *Teachers' motivation to participate in continuous professional development: relationship with factors at the personal and school level //Journal of education for teaching.* – 2021. – Т. 47. – №. 5. – С. 714-731.
9. Есполова Г.К. *Жаңартылған білім беру мазмұнында бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру: дисс. PhD: 8D10200. - Талдықорған, 2010, –198-201 бб.*
10. Самашова Г.Е., Құрымбаев С.Ф., Абиьгазин Б.И., Ақылтаева С.Д. / *Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: Монография. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. - Қарағанды: «Типография Арко» баспасы, 2020. – 134 б.*

References

1. Smith C., Gillespie M. *Research on professional development and teacher change: Implications for adult basic education //Review of Adult Learning and Literacy, Volume 7.* – Routledge, 2023. – P. 205-244.
2. Şen N., Yildiz Durak H. *Examining the relationships between English teachers' lifelong learning tendencies with professional competencies and technology integrating self-efficacy //Education and Information Technologies.* – 2022. – Т. 27. – №. 5. – P. 5953-5988.

3. Vadivel B., Namaziandost E., Saeedian A. *Progress in English language teaching through continuous professional development — teachers' self-awareness, perception, and feedback* //Frontiers in Education. – Frontiers Media SA, 2021. – Т. 6. – P. 757285.
4. Rofi'i A., Nurhidayat E., Firharmawan H. *Teachers' Professional Competence in Integrating Technology: A Case Study at English Teacher Forum in Majalengka* //IJLECR (International Journal of Language Education and Cultural Review). – 2023. – Т. 9. – №. 1. – P. 64-73.
5. Maddukelleng M. et al. *Hybrid learning innovation: Challenges for developing teachers' skills in Indonesia* //Al Qalam: Jurnal Ilmiah Keagamaan dan Kemasyarakatan. – 2023. – Т. 17. – №. 2. – P. 842-854.
6. Antonova N. V., Shmeleva Z. N., Kozulina N. S. *Lifelong learning as the way of modern personality development in Russia on the example of higher educational institution of technical and natural-scientific profile* //Journal of Physics: Conference Series. – IOP Publishing, 2020. – Т. 1691. – №. 1. – P. 012146.
7. Calleja J. *Teacher participation in continuing professional development: Motivating factors and programme effectiveness.* – 2018. 12(1). - P. 5–29.
8. Zhang X., Admiraal W., Saab N. *Teachers' motivation to participate in continuous professional development: relationship with factors at the personal and school level* //Journal of education for teaching. – 2021. – Т. 47. – №. 5. – P. 714-731.
9. Espolova G.K. *Zhaңartylған bilimberu mazmұnynda bastauysh synyp oқushylarynyң zertteushilik qyzyrettiligin qalyptastyru: diss. PhD: 8D10200. - Taldyқorған, 2010, –198-201 bb.*
10. Samashova G.E., Kurymbaev S.F., Abil'gazin B.I., Akyldaeva S.D. / *Bolashaq pedagogtardyn zertteushilik quzyrettiligin qalyptastyrudyn pedagogikalyk sharttary: Monografiya. E.A. Boketov atyndagy Karagandy memlekettik universiteti. - Karagandy: «Tipografiya Arko» baspasy, 2020. – 134 b.*

FTAMP 15.01.21

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.84.3.013>

Әкімбаев А.А., ^{1*}  Калходжаева А.М. ¹,  Каракпаева С.К. ¹ 

¹М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент, Қазақстан)

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясына цифрлық білім беру ресурстарының әсері қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі – білім беру үдерісіне заманауи технологияларды енгізуге бағытталған мемлекеттік саясатпен қолдау тапқан жаһандық цифрландыру процестерімен негізделген.

Зерттеудің мақсаты — бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруда цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың тиімділігін анықтау. Зерттеу барысында сауалнама, бақылау және педагогикалық эксперимент әдістері қолданылды. Эксперименттік жұмыс BilimLand, Kundelik.kz сияқты қазақстандық цифрлық платформаларды пайдалана отырып бастауыш сыныптарда жүргізілді.

Нәтижелер эксперименттік топтың оқу мотивациясының бақылау тобымен салыстырғанда едәуір артқанын көрсетті. Балалардың танымдық қызығушылығын дамыту үшін цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану шарттары анықталды. Ұсынылған деректер практикалық маңызға ие және бастауыш сынып мұғалімдеріне әдістемелік ұсыныстар әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Түйінді сөздер: цифрлық білім беру ресурстары, оқу мотивациясы, бастауыш сынып оқушылары, білім беру технологиялары, білім беруді цифрландыру.